

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢЕС

ЕУРОПА ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тұрақты даму мүддесінде білім беру
бойынша екінші аймақтық кеңес
Рим, 2004 жылғы 15-16 шілде

Жоспарланған күн тәртібінің 3-тармағы

БҰҰ ЕЭК-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Қосымша

ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. **Білім беру** латынның «educare» және «educere» деген сөздерінен шыққан, сәйкесінше «өсіру немесе тәрбиелеу» және «арттыру, дамыту» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің даму мен өзгеруге байланысты мағынасын білдіретін баламасы осы уақытқа дейін кеңінен таралғанына қарамастан, оқу және оқыту сияқты трансмиссиялық ұғымдар арқылы қолданыстан шығарылып тасталды. Білім беру (егістік ретінде) әдетте іс-әрекетті сипаттау үшін, сондай-ақ (бастауыш ретінде) саясатты, мекемелерді, оқу жоспарларын, қатысушыларды және т.б. қамтитын «білім беру жүйесі» ұғымының қысқартылған түрі ретінде пайдаланылады.

2. **Оқыту** – білімді, құндылықтар және дағдылар жүйесін дамытатын процесс. Ақпаратты игеру жеке тұлғаның немесе адамдар тобының іс-әрекетінің салыстырмалы түрде тұрақты өзгеруіне әкеп соғады. Оқыту ақпаратты қабылдауды және оны түрлі тандау және іс-әрекет жасау мүмкіндігін туғызатын ойлау қабілетін қалыптастыруда есепке алуды білдіреді. Ақпарат (базалық ақпараттың жекелеген элементтерінен құралатын) алынған білімге, тәжірибеге, нормалар мен құндылықтарға, сондай-ақ өмір сүру (өмірге мән беретін) салтымызға байланысты.

3. **Тұрақты даму мүддесінде білім беру** «тұрақты даму» ұғымының бастапқы мағынасын білдіреді, ол «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне қауіп төндірмей, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын» (Қоршаған орта және даму жөніндегі Халықаралық комиссияның баяндамасы, 1987 жыл) даму ретінде анықталады. Тұрақты даму экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын кешенді мәселе болып табылады. Басқаша айтқанда, даму адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және өмір сүру жағдайын жақсарту үшін қажет. Сонымен бірге даму қоғамның табиғи, адам және экономикалық ресурстар секілді шектелген ресурстарының барлығын тиімді және жауапкершілікпен пайдалануға негізделуге тиіс.

4. Бұл тұрғыдан алғанда **кәсіби даярлау** дегеніміз қолданбалы сипаттағы практикалық мәселелерді қамти отырып білім беру.

5. **Үздіксіз білім беру/кәсіби даярлау** базалық білім беру/кәсіби даярлау процесінде алынған білім мен дағдыларды жаңғырту, жетілдіру немесе кеңейту іс-шараларын қамтиды.

6. **Педагогтар** – бұл оқытушылар, лекторлар, нұсқау берушілер және өз бастамасымен жұмыс істейтін тәрбиешілер.

7. **Оқушылар** – бұл мектеп оқушылары, студенттер және оқу курстарын тыңдаушылар.

8. **Турақты қоғам** – өз тіршілігін қамтамасыз ететін физикалық немесе әлеуметтік жүйелерін сақтау үшін айтарлықтай көріпкелдігі, икемділігі мен даналығы бар және бірнеше ұрпақтың өмір сүруі барысында сақталып келген қоғам.

9. **Оқыту процестері** көбінесе жеке тұлға деңгейінде сипатталады. Алайда бұл ұғым азаматтарды үш деңгейде оқытуды қамтиды:

а) оқытылатын бір тұлға деңгейінде: бұған орнықты мінез-құлықты қалыптастыратын немесе қалыптастырмайтын жеке дағдылар, өздігінен даму, жеке тұлғаның қоғамдағы орны жатады.

в) оқытылатын ұйымдар шеңберінде: ұйым өзінің құрылымын және қызметін жақсартуға тырысады. «Оқытылатын ұйым» ұғымы ұйымның құрылымы мен қызметінің өзгеруіне әкеп соғатын өзінің мінез-құлқын өзгертетін жеке тұлғалар жеткілікті болған жағдайда қолданылады.

с) оқытылатын қоғам шеңберінде: түрлі ұйымдар мен жеке тұлғалардың болашақтағы өзіндік мақсаттарын ескере отырып, бірақ ортақ тиімділікпен оқыту процессін білдіреді.

Оқыту немесе білім беру ұғымдары

10. **Ресми оқыту** жалпы білім беретін және кәсіптік оқу орындарында диплом беру және біліктілік дәрежесін белгілеу арқылы жүргізіледі.

11. **Ресми емес оқыту** ресми білім беру және кәсіби даярлау жүйелерінің шеңберінен тысқары және олармен қатарласа жүргізіледі, әдетте ресми диплом берілмейді. Ресми емес оқыту жұмыс орнында және азаматтық қоғамның, ұйымдар мен топтардың (мысалы, жастар ұйымдарының, кәсіптік одақтардың және саяси партиялардың) тікелей қызметі арқылы жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, ол ресми жүйелерге қосымша құрылған ұйымдар немесе қызметтер (мысалы, көркемөнер, музыка және спорт сыныптары немесе емтиханға дайындық бойынша жеке сабақтар) арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

12. **Мақсатсыз оқыту** – бұл күнделікті өмірге табиғи толықтыру. Ресми және ресми емес оқытудан айырмашылығы мақсатсыз оқыту міндетті түрде белгілі бір мақсатқа негізделген оқу процесі болып табылмайды, тіпті жеке тұлға оны білім мен дағдыны игеруге ықпал ететін процесс ретінде мойындамауы мүмкін.

13. **Өмір бойы оқыту** – өмір бойы үздіксіз немесе кезеңділікпен оқыту. Мұндай оқыту адамдарды өмірде қажет болатын, сондай-ақ қоғамда кез келген жағдайда, жерде және ортада өзін сенімді, шығармашылықпен және еркін ұстауына қажет білімді, құндылықтарды, дағдыларды және ұғымдарды алуға итермелейді және ынталандырады.

14. **Өмірдің барлық сұрақтары бойынша оқыту** - өмір бойы оқыту ұғымын толықтырады, мұнда негізінен өмірдің әрбір жеке кезеңі барысында жүргізілетін оқытудың ауқымдылығына баса назар аударылады. Мұндай оқытудың өмірдегі барлық

сұрақтарды қамтуы ресми, ресми емес және мақсатсыз оқытудың бірін-бірі толықтыратынын айқын көрсетеді. Осындай пайдалы әрі қанағаттанарлық оқыту отбасында бос уақытта, қоғамның өмірінде және күнделікті еңбек ету барысында жүргізілуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар, осылай оқыту үйрету мен оқытуды қойылған міндеттердің маңыздылығы мен сипатына қарай толықтыруға және ауыстыруға болатын қызмет түрлері екенін түсінуге мүмкіндік береді. Барлық ұғымдар бірізді болмауы да мүмкін, мысалға, ресми емес оқыту мектеп сыныптарында да жүргізілуі мүмкін. Алайда бұл ұғымдар оқу сыныпта ғана жүргізіледі дегенді теріске шығармайды.

15. **Әлеуметтік оқыту.** Білімді және түсіну қабілетін дамыту жеке әрі жалпы элементтерді қамтиды. Әлеуметтік оқыту термині көбінесе оқыту әлеуметтік процесс болып табылады деген тұжырыммен байланыстырылады, өйткені ол әрқашанда әлеуметтік ортада немесе контексте жүргізіледі. Бұдан басқа, оқушылар іс жүзінде қатысатын жағдайлар, олар игеретін құралдар мен әдістер, өздерінде дамытатын дағдылар мен түсініктер әлеуметтік ортада өтеді. Сонымен қатар оқушылар белгілі еңбек саласында жұмыс істейді және онымен қарым-қатынаста болады. Әлеуметтік қарым-қатынас оқушылардың өз идеяларын, көзқарастарын, тәжірибесін және сезімін басқа адамдардың идеяларымен, көзқарастарымен, тәжірибесімен және сезімдерімен салыстыруға немесе осылай салыстыру барысында өзінің жеке басының идеяларын, көзқарастарын, тәжірибелерін және сезімдерін өзгертеді. Бұл оқушылардың баламалы қарама-қайшы көзқарастар негізінде өз идеяларының мағынасын қайта түсінуге ынталандырады. Сонымен бірге басқалармен бірлесіп оқу тәжірибесін жинақтың маңызы зор. Алайда әлеуметтік оқыту термині кейде қандай да бір топ, ұйым немесе бүкіл қоғам білім деңгейін жоғарылату үшін ұжыммен қатысатын оқу процессін немесе оқу жүйесін көрсету үшін де қолданылады. Бұл мағынада әлеуметтік оқыту термині оқыту терминінің мағынасын оның жекешілік мағынасымен салыстырғанда кеңейту үшін де қолданылады. Ол жеке тұлғаларды оқытуды қамтиды, тұтас топтарды оқыту мүмкіндігін де мойындайды. Тұрақтылыққа қол жеткізу осындай оқытуға байланысты деп сеніммен айтуға болады.

16. Әлеуметтік оқыту идеясы жеке әдістер арқылы барынша пайда алу үшін ғана жүргізілмейді, кейде өзінің жеке тәжірибесін басқа адамның тәжірибесімен салыстыру арқылы да үлкен сабақ алады. Басқа адамдардың өзінің жеке тәжірибесін мойындауда, анықтауда және қорытындылауда маңызды роль атқарады. Әлеуметтік оқыту шеңберінде оқыту процесінің негізін қалайтын төрт элементті (осы) бөліп қарауға болады:

а) **іс-әрекет:** адамдар өз жағдайын (мотивация) белсенді түрде басқара алуға қабілетті және оған дайын адам ретінде санауға тиіс. Сондықтан оқыту процесін ұйымдастырушылар оқушыларға **өз ісін** білетін қатысушылар ретінде қарауға және олардың не істей алатындарын анықтауға тиіс;

в) **ынтымақтастық:** адамдар басқа адамдармен бірігіп әрекет етуге қабілетті және дайын болуға тиіс. Осы кезде топ ішіндегі пікірлердің сәйкес келуі және сәйкес келмеуі салдарынан шиеленіскен жағдай тууы мүмкін;

с) **ойлау:** адамдар өзінің істеген ісіне, өткеніне баға беруге, қорытынды шығару және соның негізінде өзінің мінез-құлқын өзгерту үшін ойлануға (үйренуге) қабілетті болуға тиіс.

д) **коммуникация:** әлеуметтік оқытудың басты шарты адамдардың ол жөнінде ақпарат беруді, оны түсіндіруді және оның нәтижелерін басқаларға көрсету, яғни тәжірибе алмасу болып табылады.

Көзқарастар мен әдістер

17. Белсенді оқыту және үйрету тәсілдерінде тұрақты даму мүддесінде білім берудің (ТДБ) мақсаты қоғамға және қоршаған ортаға орнықты өзгерістер енгізуге ықпал ету болып табылатынына айрықша ден қойылады. Сондықтан ТДБ аясында оқушылар және басқа да нысаналы топтар жүзеге асыратын нақты табиғат қорғау іс-шараларын оқыту және үйрету процесінің құрамдас элементтері ретінде қарастыру ұсынылады. Кез-келген іс-шара қандай да болмасын өзгеріске, атап айтқанда: өзіндік өмір сүру салтын, жергілікті халықтың өмірін немесе тұтастай қоғамның өмірін өзгертуді көздейді. Осындай іс-шаралар жоспарланған сипатта болады. Белсенді тәсілдер негізгі екі мақсатты: оқушылардың іс-қимыл жасауға деген өзіндік қабілетін қалыптастыруға ықпал етуді және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте тұрақты өзгерістер жасауға ықпал етуді көздейді.

18. Сыни тұрғыдан ойлау берілген контексте ТДБ идеологиялық тұрғыдан орнықты және әлеуметтік сындарлы, яғни білім беру құндылықтарының ешқайсысы саяси жағынан бейтарап емес екенін түсіндіреді. Жалпы алғанда сыни тұрғыдан ойлауды жеке тұлғалардың құндылықтары, мүдделері және білімі аясында ақпаратты саналы түрде өзінің түсінігіне бейімдеу әдісі ретінде анықтауға болады. Сыни тұрғыдан оқытуға берілген бұл жалпы анықтама оқыту процесінде қарастырылады, бірақ оқушылардың, сондай-ақ оқытушылардың ашық тұрғыдан, әсіресе әр түрлі мәдени, экономикалық, экологиялық, саяси және әлеуметтік мәселелерді қабылдауға дайындығын атап өтудің маңызы зор. Қажет болғанда сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік-мәдени және интеллектуалдық икемділікке әкеледі, яғни адамның қабілеттіліктерімен қатар, барлық ақпарат негізінен белгілі бір кеңістікпен және уақытпен сәйкестендіріледі.

19. Демократиялық процесс. ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібіне сәйкес планетаның барлық бөлігіндегі жастардың шешім қабылдау процесінің барлық сатысына белсенді түрде қатысуына қажеттілік туындап отыр, яғни жастар өмірі бүгінгі болып жатқан өзгерістерге тікелей байланысты, сонымен қатар бұл олардың болашағына да әсер етеді. Сонымен бірге жастар бұл процестерге интеллектуалдық тұрғыдан үлес қосады және қолдау көрсете алады, оларға әлемді танып-білудің өзіне тән ерекшелігі бар екенін ескеру қажет (25 тарау, «Тұрақты дамуды қамтамасыз ету процесінде балалар мен жастардың мүддесін есепке алу»). Бұдан басқа, жергілікті басқару органдарында тұрғындармен кеңесу процесін бастау және осы не басқа қоғамдық топтар үшін консенсус қалыптастыру қажет (ХХІ ғасырға арналған күн тәртібі, 28-тарау). Демократия дәстүрлі түрде барлық адамдарға мекемелерде, атап айтқанда өз мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатысу үшін берілетін тең құқықтар мен мүмкіндіктер ретінде түсіндіріледі. Осы қалыптасқан түсінікте егемендіктің әсіресе ұлттар арасындағы егемендіктің белсенді ролі атап көрсетіледі. Соңғы он жылдықтағы қарқынды экономикалық және экологиялық жаһандану адамдар үшін күнделікті өмірде тұрақты дамуды қамтамасыз ету проблемасын алға қойып отыр, алайда бұл проблема айтарлықтай байқалмағанымен, ол бар .

20. Оқу процесіндегі динамизм білім беру ісінде оқушылардың белсенді және іс-әрекеттік позиция ұстауына ынталандыруға баса назар аударуды қажет етеді және оқушының білімі мен қабілеттерін ескере отырып оқытушы мен оқушының барынша тығыз қарым-қатынас жасауына ерекше көңіл бөледі. Динамизм статикаға қарама-қарсы процесс ретінде қарастырылуы мүмкін, ол көбіне механикалық тәсілдерді көздейтіндіктен, оқыту және

үйрету ақпарат берудің кең көлемді түрі ретінде, ал оқушылар енжар ақпарат қабылдаушы ретінде қарастырылады.

21. **Біртұтастық** табиғи процестердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты және әрбір зат құрамдас элементтеріне қарағанда маңызды болатын тұтас заттың бір бөлігі болып табылады деген идеяны білдіреді. Бұл тұрғыдан «біртұтастық» термині оқушылар мен оқу процесін тұтас және бірізді процесс ретінде қарастырады, яғни қажеттіліктері/қызығушылықтары бар оқушылар «біртұтас тұлға» (оның ішінде рухани және эмоциялық тұрғыдан) ретінде, ал оқу процесі кәсіби, жеке, пәндік, әлеуметтік процесс ретінде болады.

22. **Интеграция** «фрагментация/сегрегация/дизинтеграция» спектрінің қарама-қайшы жағы ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан интеграция пәндердің, мекемелердің, оқу орындарының және олардың қауымдастықтарының, сондай-ақ оқу орнының бес өлшемі болып табылатын – оның этосы, бағдарламасы (егер мұндай бар болса), педагогиканың, ұйымның және басқарма мен қауымдастықтың интеграциясы ретінде түсіндіріледі. Интеграциялық күштер, бір ғана саладағы жекелеген өзгерістерді емес, тұрақтылықты көрсететін барлық салалар мен өлшемдерді қайта құру жүйесіне бағытталған. Интеграциялық процестер бір саладағы ішінара өзгерістерге емес, тұрақтылықты қамтамасыз ететін барлық салалар мен өлшемдерді жүйелі өзгертуге бағытталады. Сонымен қатар білім беру ісі аясында ешқандай заттар, факторлар немесе проблемелер оқшауланған түрде болмайтынын көрсететін пәнаралық және пәнішілік зерттеулерге айрықша назар аударады. Пәнаралық және пәнішілік зерттеулер нәтижесінде әрбір пәннің жеке ұғымдары мен дәстүрлері арасында байланыс орнатылады және жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін, ұғымдары мен мағынасын қалыптастырады. Керісінше, пәндерді жай ғана біріктіру жекелеген бөліктерді қосуға ғана мүмкіндік береді.

23. **Пәнаралық тәсіл**. Түрлі көзқарастар арасындағы өзара байланысқа ерекше көңіл аудару қажет. Пәнаралық тәсіл – бұл колледже немесе университетте екі немесе одан да көп пәндерді қамту арқылы жүргізілетін сабақ; көптеген пәндерді бірыңғай негізде бірге қарастыру.

24. **Көп пәндік тәсіл** қандай да болмасын бір мәселені түрлі гносеологиялық немесе практикалық көзқарас тұрғысынан, оларды дербес қарастыруға байланысты. Көп пәндік тәсіл белгілі бір қызмет аясында пәндік және теориялық құрылымдарда өзгеріссіз оқытылатын түрлі пәндерді қамтиды.

25. **Проблемаға бағдарлау** оқу процесін оқытылатын пән шеңберінде белгілі бір ауқымды тақырыптың айналасында ұйымдастырудың орнына қандай да бір нақты мәселені немесе қандай бір проблеманы қарастыруға бағыттау.

26. **Процеске бағдарлау** бұл контексте оқыту қызметі шеңберінде пәннің мазмұнын ғана қамтудан оқыту мен білім беруді процесс ретінде кең мағынада түсінуге дейін жоспарлаудың, педагогиканың, дидактиканың және тағы да басқа пәндердің ауқымын кеңейтуді білдіреді және осы арқылы проблемаға байланысы жоқ ақпараттың мазмұнына қарағанда, қызметке, динамикаға, субъектілерге, кезеңдерге және білім салалары арасындағы өзара байланысқа ерекше мағына беру.

27. **Проблемаға негізделген** оқыту проблеманы тұжырымдамалық негізде қоюмен және жағдайды қарастырумен сипатталады. Оқу курсының мазмұны нақты өмірдегі проблемалармен байланыстырылады. Нақты өмірден алынған проблемалар немесе жағдайлар оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру және оларды

оқытуға бастама жасау құралы ретінде пайдаланылады, яғни ақпараттың алдын ала белгіленген көлемін игеру және онымен бір мезгілде беруге дайын өз білімінді (тұлғааралық дағдылар, сындарлы ойлау және т.б.) дамыту. Проблемаға негізделген оқыту мен бірлесіп немесе белсенді оқытудың басқа нысандары арасындағы айырмашылық аса байқалмайды, өйткені олардың бірқатар ортақ белгілері бар.

28. **Жобамен жұмыс істеу** нақты бір проблемаға және өнімге бағытталады және пәнаралық тұрғыдан, теория мен практика арасындағы өзара байланыс, оқушылар мен оқытушылардың қатысуы арқылы бірлесіп жоспарлаумен сипатталады. Қарастырылатын мәселе немесе проблема қоршаған ортадан алынуға тиіс, ал пәндер және оқулықтар бойынша тиісінше білім қарастырылатын проблемаға сәйкестендіріп таңдап алынуға тиіс. Жобамен жұмыс істеу ғылыми принциптерге (практикалық зерттеу қызметі) негізделген және өзгерістерге қатысты шешімдер ұсыныстарды іздеуге бағытталған жеке және ұжыммен жүргізілетін оқу процесі, бұл ретте жауаптар алдын ала беріледі.

29. **Білімді басқару** білім алуға деген сұранысты және оған ұсынысты біріктірумен байланысты. Мұндай білім жұмыс жүргізудің ең жақсы әдістерін, жаңа бастамаларды, шығармашылық «шешімдерді», келелі нәтижелерді, дағдыларды және т.с.с. түсінуге және оларды қолдану тәжірибелеріне негізделген. Бұл жерде қосымша құны бар білім туралы сөз болып отыр, ол данагөйлік тәсілдің қалыптасуына ықпал етеді және проблеманы түсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан білімді басқару білімді толықтыру ғана емес. Білімді басқарудың алғышарты тұрақтылық саласындағы оқу процестеріне қатысты білімнің және түсініктің болмауы ғана емес, мұндай білімнің жеткіліксіздігі. Мұндай білімдер кеңінен таратылуға және қажеттілік болған жердің барлығында қол жеткізу мүмкіндігі болуға тиіс. «Шектес» секторларға және саясаттың салаларымен білімді байланыстыру мен оны түсінудің маңызы зор.

30. **Тұжырымдамалық карталарды және қабылдау карталарын жасау.** Тұжырымдамалық карталар жасау бір немесе екінші құрылымдар, тұжырымдамалар және тағы басқа құбылыстар арасындағы өзара байланысты суретте, сызбада немесе картада (тұжырымдамалық карта) салу арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретін оқытудың көрнекті құралы ретінде қарастырылады. Жалпы алғанда «тұжырымдамалық картаны құрастыру», «тұжырымдамалық карта» және «қабылдау карталарын құрастыру» сияқты өзара байланысты терминдер арасында мынадай негізгі айырмашылықтар болады:

а) **проблеманы түсіну картасын құрастыру:** тәжірибе жинақтау, дүниенің бейнесін және бақыланатын элементтерін, сондай-ақ олардың арасындағы өзара байланысты қабылдау кезінде адамның ойында қандай да бір сызбаны құрастыруы;

б) **тұжырымдамалық картаны құрастыру** адамның оймен «объектіге» (зандылықтарға) мағына беру, тұжырымдау мақсатында абстрактылық схема құрастыру және оны жеке тұлғаның тұжырымдар жүйесіне енгізу;

с) **тұжырымдамалық карта** – осындай абстрактылық карталардың нақты графикалық бейнесі. Алайда тұжырымдамалық картадарды құрастырудан және оны түсінуден бұрын адам ойша схема құрастырады.

31. **Құндылықтарды жете түсіну** - бұл оқушылардың өз ойын, сезімін және бағытын нақты айтуға, білдіруге және осы арқылы құндылықтардың нақты мазмұнын және мағынасын жете түсіну кезінде өздерінің жеке құндылықтары туралы білімін кеңейтуге ынталандыру әдісі.

32. **Имитация** мәліметтердің белгілі бір бөлігі басқа проблемалар ауқымында түсіндірілетін жағдайлармен байланысты: оқушыларға ұқсас етіп құрылған оқу ситуациясы ұсынылады және осындай ұсынылған «көшірме» нақты өмірден алынған

қандай да бір мәселенің немесе ситуациясының көрінісі болып табылады, осы арқылы сынып оқушыларының назарын нақты экологиялық проблемаларға аударады. Зерттеулер имитациялау әдістерінің негізгі төрт түрін анықтауға мүмкіндік берді: рольдерді орындау, тақырыптық зерттеу, компьютерлік модельдеу және басқа да ойын әдістері.

33. **Рольдерде ойнау** оқушыларға нақты қалыптасқан ситуация төңірегінде қандай да бір адамды ойнап беру, мысалға жергілікті басқару органының қызметкерін, фермерді, экологты, тұтынушыны ойнап беру және ұсынылған тығырықтан шығу жолын табу ұсынылады (кейбір жағдайларда субъектілерге қоректік тізбектегі жануарларды немесе аңыздағы орман кейіпкерлерін бейнелеу ұсынылады: мұндай жағдайлар «театрландырылған ойындар» ретінде мәлім, әдетте төменгі сынып оқушыларына арналады).

34. **Жекелген мысалдарды зерделеу** әдісі нақты экологиялық мәселені оқытушының басшылығымен талдау, оның барысында оқушыларға бірнеше шағын топтарға бірігіп, екінші ретті ақпарат көздерінде (педагогтарға ұсынылатын, мысалы баспа материалдары, баяндамалар, фильмдер, бейнежазбалар) көрініс тапқан тәжірибені пайдаланады және дамытады, осы арқылы нақты мәселені зерттеу және қорытынды жасау ұсынылады.

35. **Модельдеу** табиғатта, лабораторияда немесе қоғамда қандай да бір оқиға (күбылыс) кезінде болатын өзгерістердің басты аспектілерін қайта жаңғыртуға бағытталған. Үлгілер көптеген ұқсастықтар негізінде жасалады, олар үлгінің құрылымдық элементтері бола алады.

36. **Тексеру әдісі** бастапқы деректерді жинауды, оларды талдауды, қорытындылар дайындауды және ұсынуды көздейді. Тексеру оқытудың «дербес» әдісі болып табылады, сонымен қатар ол жобамен жұмыс істеу немесе проблеманы шешу барысында жүргізілуі мүмкін. Әдетте, тексеру зерттелетін мәселеге қатысты жеке тұлғалардың пікірін және көзқарасын анықтау мақсатында анкета, сауалнама жүргізу және интервью алу арқылы жүргізіледі. Оқушылар басты орында болады. Бұл әдіс көптеген мәселелер бойынша коммуникациялық және зерттеушілік дағдыларын дамыту және ақпарат алу деңгейін жоғарылату үшін барынша тиімді әдіс.

37. **Философиялық зерттеу** - қоршаған ортаға және/немесе қоғамға әсер ететін адам қызметінің себептері мен салдарын зерттеуге, сондай-ақ оларды этикалық негіздеуге бағытталған.

38. **Сценарий** – болжаммен айтылған проблемаларды, олардың салдарын және шешімдерін талдауға негізделген, ол шекті параметрлер мен болжамдардың бірқатар баламалы үйлесімін қарастыру негізінде жүргізіледі. Сценарийлер арқылы экстраполяция әдісін пайдалану негізінде өзгерістердің салдарын болжауға талпыныс жасалады.

39. **Өндірістік тәжірибе**. Оқушыда, әдетте қызметкерде белгілі бір орында жұмыс істеу кезеңінде басқа адамдармен және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы қалыптасқан білім, дағдылар, сезімдер мен көзқарастар жүйесі.

Экологиялық білім беру мен тұрақты даму мүддесінде білім беру арасындағы байланыс

40. Экологиялық білім беру (ЭБ) және тұрақты даму мүддесінде білім беру (ТДБ) көптеген адамдардың пікірі бойынша балама ұғымдар болып табылады. Алайда іс жүзінде

олардың арасында айырмашылық бар. ЭБ әдетте ластанудың, ағынды сулардың, автомобильдерден, кәсіпорындардан шығарылатын ластаушы заттардың қоғамға экологиялық әсерін, олардың себептерін, салдарын және оларды төмендету мүмкіндіктерін, сондай-ақ табиғатты қорғау мен оны сақтау мәселелерін қарастырады. ТДБ-де табиғи ресурстарды пайдалануға және оларды қайта қалпына келтірудің маңыздылығына (тұрақтылыққа) баса назар аударылады. ТДБ-ның педагогикалық құралдарына, әсіресе жоғарғы оқу орындарында экологиялық жоспарлар және материалдық сызбалар сияқты ресурстарды картаға түсіру әдістері жатады. Қолайсыз экологиялық ықпал ең алдымен ресурстарды ұтымсыз пайдаланудың салдары ретінде қарастырылады. Қолайлы экологиялық жағдай халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы сенімді болмаса дамымайды және экологиялық тұрғыдан таза қоршаған орта ұзақ мерзімді келешекте орнықты экономиканы қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Осылайша, ТДБ-да экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілер үйлесім табады. Кең ауқымда алғанда этика және әділдік ТДБ-ның маңызды құрамдас элементтері болып табылады, ол басқарудың демократиялық нысандары және әлеуметтік-ғаламдық жауапкершілік арқылы көрініс табады.

41. Білім беру жүйесінде экологиялық аспектілердің орны біртіндеп өзгеріп келеді, ол ғылыми проблемадан адам мен табиғат арасындағы күреске, ал бүгінгі таңда адамның түрлі мүдделерінің қарама-қайшылығына айналып отыр. Бұл қолданылатын әдістерге өз ықпалын тигізуде. ЭБ-нің бастапқы сатысында ғылыми фактілерді баяндау кең таралған әдістердің бірі болды. Кейіннен бұл тәсіл одан әрі дамып, оқушыларды кеңінен тартумен және проблеманы шешуге бағытталған әдістермен біріктірілді. Қазіргі уақытта жалпы қоғамның мүддесіне негізделген қайшылыққа бағытталған ТДБ тұжырымдамасы демократиялық процестерге баса назар аударуда. Осыған байланысты оқушылар арасында жүргізілетін пікірталас маңызды тәсілдердің бірі болып табылады, оның барысында түрлі көзқарастар айтылады және талқыланады. Осындай пікірталастың мақсаты - оқушылардың тұрақты дамудың балама жолдарына белсенді және сындарлы баға беруіне қол жеткізу және алынған білім мен тиісті этикалық нормалардың негізінде дәлелдер келтіру дағдысын дамыту.

42. 1996-1999 жылдардың соңында салыстырмалы түрде үш жаңа анықтама пайда болды, олар ЭБ кең таралған тұжырымдамасының құрылымын құрады; базалық экологиялық білім, өмір сүруге қолайлы ортаны қалыптастыру мақсатында оқыту және тұрақты даму мүддесінде оқыту. Теорияда ЭБ-нің бұл үш бөлігінің айырмашылығы болуы мүмкін (төменде берілген анықтаманы қараңыз). Ал іс жүзінде олардың арасында айырмашылық айтарлықтай байқалмайды. ЭБ саласындағы көптеген іс-шаралар мен жобалар осы бөліктердің кейбір элементтерін қамтиды. Төменде келтірілген диаграммада ЭБ әрбір бөлігінің әсері көрсетілген, ол әр салада әртүрлі болады.

43. Базалық экологиялық білім беру (классикалық ЭБ) тірі және өлі табиғатты танып білу мен бағалауға және оған қатысты жеке тұлғаның көзқарасын қалыптастыруға байланысты оқыту процесі болып табылады. Базалық экологиялық білім экологиялық процестер саласындағы білімін толықтырғысы немесе табиғат қорғау қызметіне қолдау көрсеткісі келетін жеке адамды оқыту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Базалық экологиялық білім берудің міндеттері бастауыш білім беру жүйесінде, ақпараттық орталықтар табиғат зоналарында жүргізетін жұмыс барысында, табиғат қорғау ұйымдарының қызметі шеңберінде іске асырылуы мүмкін.

44. Өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында оқыту мектеп, мектеп ауласы, көше, ықшамаудан және қала сияқты орталарды өмір сүруге қолайлы ету және оларды осындай жағдайда ұстап тұруға бағытталады. Бастауыш мектепте балалар қоқыстарды

іріктеу, көшелерді қоқыстардан тазарту, қоқысты ұжыммен тазалау, жергілікті қоршаған ортаны қорғау туралы біледі. Қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру мақсатында оқытудың тәрбиелік маңызы зор және ол «осы жерде және қазір» міндетін шешуге бағытталады. Мұндай оқытулар көбінесе тұрғылықты аудандарда және өндірістік зоналарда өткізіледі. Балалар өмір сүру ортасының қолайлылығын жоғарылатуға бірлесіп үйренеді. Кейбір жағдайларда бұл қызмет «басым оқыту әдісі» ретіндегі «білім берудің» «ақпарат беру, коммуникация, қоғамның белсене атсалысуы» сияқты процестеріне ұқсас келеді. Пікірталастарға қарамастан, ЭБ саясат құралы (экология, табиғатты қорғау, аумақтарды игеру саласындағы) ретінде пайдалану экологиялық білім берудің басқа дәстүрлі практикасына қарағанда жылдам дамып келеді.

45. Тұрақтылықты қамтамасыз ету мүддесінде оқытудың басты тұжырымы тұрақты даму болып табылады. Тұрақты дамудың жиі қолданылатын анықтамасы үш элементтің - экономиканың, қоршаған ортаның және қоғамның үйлесімді дамуын қамтиды. «Өте үйлесімді» деген тұжырым болашақ ұрпақтың, сондай-ақ дамушы елдердің өз қателіктерін түсінуін білдіреді. Тұрақты даму дегеніміз - келешек ұрпақтың қажеттілігін ескере отырып, бүгінгі таңдағы проблемаларды шешу үшін барлық мүмкіндіктерді шоғырландыру. Тұрақты даму тұрақтылықты жоғарыдан қалыптастыруға болмайды деген субъективтік көзқарас болып табылады. Ол мүдделерді, пікірлерді және құндылықтырлы бірге қарастыруды көздейді, сондықтан түрлі қатысушылар арасындағы пікірталас негізінде қалыптасады.

References

1. Huckle J. and Sterling S. (ed), Education for Sustainability. Earthscan Publication LTD, 1997.
2. Ingham A.M. & Gilbert J.K., "The use of analogue models by students of Chemistry at higher educational level", International Journal of Science Education", 13, 2, 193-202., 1991.
3. Jensen, B.B. & Schnack, K., The Action Competence Approach in Environmental Education, Environmental Education Research, Vol. 3, No. 2, pp. 163-78. 1997.
4. Meadows, D.H., Meadows, D.L., and Randers. J., 1992.
5. Novac J.D. and Gowin D.B. "Knowing how to learn", Cambridge University Press, Telematics Centre, University of Exeter, School of Education and Lifelong Learning, <http://telematics.ex.ac.uk>, 1984.
6. Raaij, R. and Blanken, H, the Programme "Learning for Sustainability" in the Netherlands, Brochure on National Strategy for ESD, Ministry LNV, the Netherlands, 2000.
7. Scoullos, correspondence, 2004.
8. Sterling, S., correspondence, 2001.
9. Sterling, S., Sustainable education, Green Books, Dartington, UK, 2001.
10. Wals, A. and Bawden R., Integrating Sustainability into Agricultural Education, Interuniversity Conference for Agricultural and Related Sciences in Europe, 2000.
11. Environmental Education for our Common Future, A handbook for teachers in Europe, Norwegian University Press, UNESCO, 1991.

12. "Teaching and Learning for a Sustainable Future", UNESCO, Paris, 2001.
13. "Environmental Education: a process for pre-service teacher training curriculum development", UNESCO, UNEP IEEP Series, No 26, Paris, 1988. CEP/AC.13/2004/8/Add.2 page 14.
14. "A prototype environmental education curriculum for the Middle School", UNESCO/UNEP, IEEP, Series 29, Paris, 1994.
15. "Curriculum guide for pre-service teacher education in the Caribbean-Upper Secondary Grades", UNESCO-UNEP, IEEP Series 26, Paris; 1988.
16. "Procedures for Developing an Environmental Education Curriculum", UNESCO-UNEP, IEEP Series 22, Paris, 1986.